

№ 1 хаттама
«Еркіншілік ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ
№ 1 әдістемелік кеңес отырысы

28.08.2023

Қатысқандар: 65

1. Исатаева Б.Г.
2. Байтасова Ш.Ш.
3. Салкынбаева А.А.
4. Мырзахан К.
5. Аманкельд К.
6. Абдрахманова Г.Р.
7. Алькей Каухар
8. Аманбек Г.
9. Аманжол С.
10. Амет Бейбитхан
11. Анес Хуандаг
12. Ардай Хуантхан
13. Хуаньш Г.
14. Балтабеков С.К.
15. Жайсанбаева Е.
16. Бейбітхан А.
17. Бейбітхан Еркін
18. Бибакирова Г.К.
19. Бугай Гулзада
20. Гайнутдинова И.М.
21. Депутат Н.
22. Ғылымхан Е.

23. Доненбаева С.А.
24. Шаймурат П.
25. Есенкелди М.
26. Жампеисова А.М.
27. Жунусова Ж.С.
28. Жунусова Н.С.
29. Зархам Е.
30. Зархам Т.
31. Исабекова А.У.
32. Исатаев Б.Т.
33. Каримжан Х.
34. Каирова О.П.
35. Корпеш Ж.
36. Кызырова С.К.
37. Лажай Айнур
38. Мадениет Е.
39. Макашева А.А.
40. Маутай Б.
41. Мекей З.
42. Молхы А.
43. Мурат Т.
44. Хуанар М.

45. Мухамед О.
46. Умарова Г.Е.
47. Нурмухамедова Ж.Б.
48. Отан А.
49. Рамазан Ж.
50. Рахым А.
51. Санах Ю.
52. Саяси А.
53. Серикпай М.
54. Слипец Т.И.
55. Смаилова Ж.Т.
56. Султанова Р.К.
57. Тиянах Х.
58. Тогтарбай О.
59. Туленова З.К.
60. Туленова С.С.
61. Мухамет Е.
62. Арыстан А.
63. Мулгисин Д.
64. Жайсанбаева Е.Ә.
65. Шакенова А.Г.

Күн тәртібі:

2. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындыларын талдау. (Байтасова Ш.Ш.)
2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту (Байтасова Ш.Ш.)
3. 2023-2024 оқу жылының ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, іс жүзінде асыру (Аманкелд К.)
4. Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарын бекіту. (Байтасова Ш.Ш.)
5. Пәндік апталар кестесін бекіту (Аманкелд К.)

Бірінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш. тыңдалды. Ол 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың нәтижелері бойынша талдамалық ақпаратты ұсынды. Өз талдауында ол жұмыс жоспарын орындауға, мектеп мұғалімдерінің жетістіктері туралы, біліктілік пен педагогикалық шеберлікті арттыру жұмыс бойынша айтты, мұғалімдердің өзін-өзі жетілдіру, әдістемелік тақырыбы мен тақырыптары. Сондай - ақ, "әлсіз жактар" - мұғалімдердің жұмысы жеткілікті тиімді болмаған бағыттар: конкурстарға қатысу, мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату, авторлық бағдарламаларды әзірлеу. Осы мәселелердің барлығы жаңа оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарының негізіне алынған. 2023-2024 оқу жылының негізгі міндеттері:

- Жоғары сапаға қол жеткізу бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жалғастыру және жаңа инновациялық тәсілдерді игеру арқылы оқытудың тиімділігі
- Білім беру және тәрбие процесінде ақпараттық және инновациялық технологияларды қолдануды жетілдіру
- Семинарлар, мастер-класстар өткізу, сабақтарға өзара қатысу арқылы мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру
- Әдістемелік жұмыстың формаларын әртараптандыру.
- Білім беру қызметін ұйымдастырудағы жаңа тәсілдерді зерделеу және білім алушылардың нәтижелерін бағалау бойынша мұғалімдердің жұмысын жандандыру
- Педагогикалық ұжым мүшелерін өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру.
- Ұлттық білім негізінде оқу және тәрбие жұмысының бірлігін жетілдіру
- функционалдық сауаттылықты дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспары.
- Сабақтың сапасын жақсарту, инновациялық тәсілдерді, бағдарламаларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру.

Әдістемелік жұмыстың бағыттары: МС, ҚМ жұмысы, мектептің бірыңғай әдістемелік тақырыбын іске асыру, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, олардың өздігінен білім алуы, аттестаттау, тәлімгерлік, әдістемелік және пәндік апталар, семинарлар мен коучингтер, мектептің ғылыми қоғамының жұмысы және т. б.

Екінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш. тыңдалды. Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. ӘК мүшелерінің жұмыс жоспарын талқылау барысында жаңа оқу жылындағы ең өзекті мәселелер ретінде педагогтердің өзін-өзі жетілдіру және біліктілігін арттыру мәселелері егжей-тегжейлі талқыланды. ӘБ мұғалімдері әріптестерінің сабақтарына қатысуын жандандыруы керектігін айтты.

Үшінші сұрақ бойынша директордың ОІ жөніндегі орынбасары Аманкелд К. тыңдалды. Ол қатысушыларды ҚР МЖМБС-мен, 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқаулық хатпен таныстырды.

Төртінші сұрақ бойынша директордың ОІ жөніндегі орынбасары Аманкелд К. тыңдалды. Ол 2023-2024 оқу жылында жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру туралы айтты. Жас мұғалімдермен жұмыс тәлімгерлік түрінде жүргізіледі. Жас педагогтармен жұмыс істеу үшін тәлімгерлердің кандидатуралары ұсынылды.

№	Жас мұғалімнің аты-жөні	Пән атауы	Тәлімгердің аты-жөні	Санаты
1.	Туленова Зеннат Кайрулловна	Мектепалды	Жунусова назгуль Сержановна	Педагог- сарапшы
2.	Бахыт Индира	Ағылшын тілі	Хуанар Мереке	Педагог- модератор

Бесінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш. тыңдалды, ол пәндік апталарды өткізу кестесімен таныстырды. ӘБ жетекшілері өткізу күндеріне түзетулер енгізіп, пәндік апталар кестесін келісті.

№	Әдістемелік бірлестік	Жауаптылар	Өткізу мерзімі
1	Мектепалды даярлық топтары тәрбиешілерінің әдістемелік бірлестігі	Кокен М.	23.10-27.10
2	Гуманитарлық цикл мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі	Жампеисова А.М.	04.12-22.12
3	Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі	Мырзахан К.	15.01-26.01
4	Жаратылыстану-математикалық цикл мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі	Смаилова Ж.Т.	12.02-23.02
5	Көркемдік-эстетикалық цикл мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі	Тиянах Х.	04.03-15.03
6	Бастауыш мектеп мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі	Мухамед О.	15.04-26.04

Қаулы етті:

2. Мектептің әдістемелік жұмысын қанағаттанарлық деп есептеу.
2. Әдістемелік жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну.
3. Тәлімгерлерді бекіту:

№	Жас мұғалімнің аты-жөні	Пән атауы	Тәлімгердің аты-жөні	Санаты
1.	Туленова Зеннат Кайрулловна	Мектепалды	Жунусова назгуль Сержановна	Педагог- сарапшы
2.	Бахыт Индира	Ағылшын тілі	Хуанар Мереке	Педагог- модератор

5. 2023-2024 о. ж. ұсынылған нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алу
5. Пәндік апталарды өткізу жоспары бекітілсін.

ӘК сарапшы:
Латшы:

Ш.Ш. Байтасова

Байтасова Ш.Ш.
Аманкелд К.

№ 2 хаттама
«Еркіншілік ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ
№ 1 әдістемелік кеңес отырысы

01.11.2023

Қатысқандар: 14

1. Исатаева Б.Г.
2. Байтасова Ш.Ш.
3. Салкынбаева А.А.
4. Мырзахан К.
5. Аманкельд К.
6. Хуаныш Г.
7. Жайсанбаева Е.
8. Есенкелди М.
9. Жампеисова А.М.
10. Каримжан Х.
11. Мухамед О.
12. Тиянах Х.
13. Жайсанбаева Е.Ә.
14. Кокен М.

Күн тәртібі:

1. Пәндік апталарды талдау (Кокен М.)
2. Пәндік олимпиадалардың мектеп кезеңінің қорытындысы (Байтасова Ш.Ш.)
3. Үйде оқыту жағдайы туралы (Аманкелд К.)

Бірінші сұрақ бойынша мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері ӘБ жетекшісі Кокен М. тыңдалды. Қазан айының 23-27 аралығында мектепалды даярлық сыныптарында апталық ашық сабақтар өткізілді. Апталық тақырып: Республика күні Мақсаты: «Жаңа технологияларды сабақ үрдісіне енгізе отырып, оқушылардың дидактикалық ойындар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту» Міндеттері: Жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, оқытудың тиімділігін арттыру. Апталық ашық сабағымыз Холды безендіруімізден басталды.. Педагогтерді бақытты балық шақты еске алуға шақырдық. Апталығымыздың ашылуы 5 тапсырмадан тұрады. Біріншісі бағыттарға қарап секіру. Екіншісі сандарды ретімен ағылшын, орыс, қазақ тілінде санау. Үшінші тапсырма бір жапырақ таңдау және сол жапырақтың артындағы сұраққа жауап беру. Төртінші тапсырма нұсқаушыға қарап ритммен нейро жаттығуды қайталау. Бесінші тапсырма әріптердің біреуін тандап, сол әріптің қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарының қайсысына жататынын айту және жапсыру. Қазан айының 24і күні мектепалды даярлық тобының 0 «Ә» сыныбында қарапайым математика пәнінен ашық сабақ өткізілді.Тәрбиеші Көкен Майгүл. Сабақтың тақырыбы: Шеңбер және сопақша.Мақсаты: Геометриялық фигуралар туралы ұғымдарын кеңейту; жасалу жолдары мен құрылысына мән беру; айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырату; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтап, түстерді ажыратуға үйрету. 24.10.2023і күні «Егемен елдің еңсесі биік!» тақырыбында Есенкелди Маншук. «Мәңгілік жаса қыран елім!» тақырыбында Көкен Майгүл. «Мой Казахстан – моя Родина!» Туленова Зеннат Кайроллаевна сыныптан тыс іс- шара өткізілді. 26 қазан күні мектепалды даярлық тобының 0 «Ә» сыныбында Сауат ашу пәнінен «Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Тәрбиеші: Есенкелди Маншук. Сонымен қатар 26 қазан күні мектепалды даярлық тобының 0 «Б» сыныбында Основы математики: Определение количества предметов в группах. Повторение цифры 8 тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізілді. 27.10.2023ж апталықтың жабылуы болды. Апталықтың жабылуы алтын күз мерекесімен аяқталды балалар жаттаған тақпақ, өлең , билерін биле

Екінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш. тыңдалды. МӘБ жетекшілері мен пән мұғалімдерінің жедел кеңесінде "Пәндік олимпиадалардың мектеп кезеңін өткізу туралы" бұйрығымен танысты. Мектеп ӘБ басшылары мен пән мұғалімдеріне олимпиадалық тапсырмаларды әзірлеу және бағалау критерийлерін

дайындау, білім алушыларды пәндік олимпиадаларға қатысуға дайындау бойынша консультациялар өткізу уақытын анықтау ұсынылды. Оқушылар пәндік олимпиадаларды өткізу туралы Ережемен және оларды сынып сағаттарында өткізу кестесімен танысты. Оқушыларды, педагогтарды, білім алушылардың ата-аналарын ақпараттандыру үшін ақпараттық стенд ресімделді: ереже, олимпиадаларды өткізу кестесі, әр пән бойынша олимпиаданы өткізу кестесі, хаттамалар, нәтижелер.

Ережеге сәйкес олимпиадалардың мектеп кезеңіне 5-11 сынып оқушылары қатыса алады. Бекітілген кестеге сәйкес барлық пәндік олимпиадалар 11-26 қазан аралығында бірінші ауысым оқушылары үшін сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін, екінші ауысым оқушылары үшін сағат 13.00-ден 15.30-ға дейін кесте бойынша өткізілді. Әр қатысушы үшін тапсырмалар, жауап бланкілері, қағаз парақтары дайындалды. Нәтижелерді тексеруді сол күні қазылар алқасының құрамына кіретін МӘБ мүғалімдері жүргізді. Келесі күні нәтижелер хабарланды. Қорытындысы 30 қазанда жалпы мектеп желісінде шығарылды. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері грамоталармен марапатталды. Пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары аудандық кезеңге қатысу үшін мәлімделді.

Үшінші сұрақ бойынша директордың ОІ жөніндегі орынбасары Аманкелд К. тындалды.

2023-2024 оқу жылының басында мектепте ерекше білім беруді қажет ететін 6 бала оқиды.

Оның ішінде 4 бала инклюзивті (сыныптарда), екеуі бекітілген жеке оқу жоспарлары бойынша үйде жеке оқытылады:

Аталған оқушыларды үйде жеке оқытуға негіз болып табылады:

- денсаулық жағдайы бойынша жеке оқыту ұсынысымен ВКК анықтамалары;
- ПМПК қорытындысы;
- ата-аналардың баланы үйде жеке оқытуды ұйымдастыру туралы өтініші;
- мектептің жеке оқуға қабылдау туралы 01.09.2023 ж. №25, 26 бұйрықтары;
- Жеке оқу жоспары.

Үйде жеке оқыту келесі көлемде ұсынылған:

3 "А" сыныбы - аптасына 8 сағат (Қазақ тілі-2 сағат, оқу және тіл дамыту-1 сағат, математика-2 сағат, айналадағы әлем-0,5 сағат, қол еңбегі 0,5 сағат, жеке дамыту сабақтары-2 сағат);

6 "Ә" сыныбы - 10 сағат (бейнелеу өнері – 1 сағат; шаруашылық еңбек – 1 сағат, санау – 2 сағат, оқу, тіл дамыту және коммуникация – 2 сағат, Адам және әлем – 2 сағат, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау – 1 сағат, танымдық дамыту - 1 сағат).

Тауей Ақжолмен жеке жұмыс істейтін мұғалімдерге оқу жүктемесі төменгідей тағайындалды :

- Депутат Наурызгуль – Адам және әлем, 2 сағат
- Жайсанбаева Еркежан Абілқызы – танымдық дамыту , 1 сағат
- Исатаев Бейбит Толеутаевич – Шаруашылық еңбек, 1 сағат
- Рахым Айгүл - бейнелеу өнері, 1 сағат

Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау, 1 сағат

- Жампеисова А.М. – тіл дамыту және коммуникация, 2 сағат
- Молхы Ахмарал – санау, 2 сағат

Ахсүндет Тохтасынмен жеке жұмыс істейтін мұғалімдерге оқу жүктемесі төменгідей тағайындалды :

- Алькей К. – Математика - 2 сағ
- Оқу және тіл дамыту – 1 сағат
- Айналадағы әлем – 0,5 сағат
- Қол еңбегі – 0,5 сағат
- Жеке дамыту сабақтары – 2 сағат

- Ғылымхан Е. – қазақ тілі – 2 сағат

Пән мұғалімдері балаларды аурудың ерекшелігін, оқушылардың күнделікті режимінің ерекшеліктерін ескере отырып оқытады, шамадан тыс жүктемелерге жол бермейді. Мұғалімдер пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау жасады. КТЖ құрастыру кезінде пән мұғалімдері special-edu-kz білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының сайты пайдаланды.

Қыркүйек айының соңында Ахсұндет Тоқтасын ПМПК өтті. ПМПК қорытындысы: интеллекттің орташа бұзылуы, көру қабілетінің бұзылуы. Ұсыныстар: орташа интеллект бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бағдарлама бойынша оқыту және тәрбиелеу. Сондықтан, екінші тоқсаннан бастап сағаттардың бөлінуіне және сабақ кестесіне түзетулер енгізу қажет.

Үйде оқитын оқушылар оқулықтармен қамтамасыз етілген. Қазан айында кітапханаға барлық пәндер бойынша оқу әдістемелік құралдар келіп түсті - оқулықтар, жұмыс дәптерлері, әдістемелік құралдар.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүгедек балаларға арналған әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу және түзету-дамыту сабақтарын мектеп психологы Е. Жайсанбаева жүзеге асырады.

Балаларды мектеп ұжымының әлеуметтік-мәдени өміріне, сыныптан тыс және жалпы мектептік іс-шараларға тарту үшін балаларды мектепке шақыру жоспарлануда.

ӘК төрағасы:
Хатшы:

 Байтасова Ш.Ш.
 Аманкелд К.

№ 3 хаттама
«Еркіншілік ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ
№ 3 әдістемелік кеңес отырысы

05.01.2024

Қатысқандар: 65

- | | | |
|-----------------------|---------------------|------------------------|
| 1. Исатаева Б.Г. | 23. Доненбаева С.А. | 45. Мухамед О. |
| 2. Байтасова Ш.Ш. | 24. Шаймурат П. | 46. Умарова Г.Е. |
| 3. Салкынбаева А.А. | 25. Есенкелди М. | 47. Нурмухамедова Ж.Б. |
| 4. Мырзахан К. | 26. Жампеисова А.М. | 48. Отан А. |
| 5. Аманкельд К. | 27. Жунусова Ж.С. | 49. Рамазан Ж. |
| 6. Абдрахманова Г.Р. | 28. Жунусова Н.С. | 50. Рахым А. |
| 7. Алькей Каухар | 29. Зархам Е. | 51. Санах Ю. |
| 8. Аманбек Г. | 30. Зархам Т. | 52. Саяси А. |
| 9. Аманжол С. | 31. Исабекова А.У. | 53. Серикпай М. |
| 10. Амет Бейбитхан | 32. Исатаев Б.Т. | 54. Слипец Т.И. |
| 11. Анес Хуандаг | 33. Каримжан Х. | 55. Смаилова Ж.Т. |
| 12. Ардай Хуантхан | 34. Каирова О.П. | 56. Султанова Р.К. |
| 13. Хуаныш Г. | 35. Корпеш Ж. | 57. Тиянах Х. |
| 14. Балтабеков С.К. | 36. Кызырова С.К. | 58. Тогтарбай О. |
| 15. Жайсанбаева Е. | 37. Лажай Айнур | 59. Туленова З.К. |
| 16. Бейбітхан А. | 38. Мадениет Е. | 60. Туленова С.С. |
| 17. Бейбітхан Еркін | 39. Макашева А.А. | 61. Мухамет Е. |
| 18. Бибакирова Г.К. | 40. Маутай Б. | 62. Арыстан А. |
| 19. Бугай Гулзада | 41. Мекей З. | 63. Мулгисин Д. |
| 20. Гайнутдинова И.М. | 42. Молхы А. | 64. Жайсанбаева Е.Ә. |
| 21. Депутат Н. | 43. Мурат Т. | 65. Шакенова А.Г. |
| 22. Гылымхан Е. | 44. Хуанар М. | |

Күн тәртібі:

1. Бірінші жартыжылдықтағы әдістемелік жұмысты талдау (Байтасова Ш.Ш.)
2. ҰБТ-ге дайындық (Мухамет Е., Корпеш Ж., Мекей З., Депутат Н.)

Бірінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш. тыңдалды.

2023-2024 оқу жылындағы мектептегі әдістемелік жұмыс жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Мектептің педагогикалық ұжымы темой «Қазіргі әлемде білім алушылардың интеграциясының негізгі шарты ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру» әдістемелік тақырыппен жұмыс істеуді жалғастыруда

Әдістемелік кеңестің құрамы

№	Әдістемелік кеңестің құрамы Состав методического совета	Жетекшісі/Руководитель
1	Әдістемелік кеңестің жетекшісі/ Руководитель методического совета	Байтасова Ш.Ш.
2	Гуманитарлық цикл мұғалімдерінің МӘБ Методическое объединение учителей гуманитарного цикла	Жампеисова А.М.
3	Жаратылыстану-математикалық цикл мұғалімдерінің ӘБ / Методическое объединение учителей естественно-математического цикла	Смаилова Ж.Т.
4	Бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ / Методическое объединение учителей начальных классов	Мухамед О.
5	Эстетикалық цикл мұғалімдерінің ӘБ/ Методическое объединение учителей художественно-эстетического цикла	Тиянах Х.
6	Мектепалды даярлық топтарының ӘБ/ Методическое объединение воспитателей групп дошкольной подготовки	Кокен М.

Ж жоспарына сәйкес кадрлармен жұмыс жүргізілді:

Педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында мұғалімдер ашық сабақтарға, семинарларға қатысып, түрлі конкурстарға қатысты, сондай-ақ сабақтарға өзара қатысу ұйымдастырылды.

Жас педагогтармен жұмыс аясында әдістемелік жұмыс жүргізілді:

- Ұйымдастырушылық іс-шаралар:
- тәлімгерлікті ұйымдастыру;
- мектептің міндеттерімен танысу;
- құжаттаманы ресімдеумен танысу;
- КТЖ, пән бойынша сабақ жоспарларын жасауға көмектесу;
- сынып жетекшісінің жоспарын жасауға көмектесу.
- әдістемелік көмек көрсету мақсатында жас педагогтардың сабақтарына қатысу;
- өзара сабаққа қатысу.

№	Жас мұғалімнің аты-жөні	Пән атауы	Еңбек өтілі	санаты	Тәлімгердің аты-жөні	Еңбек өтілі	Санаты
1.	Туленова Зеннат Кайроллаевна	Мектеп алды	0	санатсыз	Жунусова Н.С.	18	Педагог-сарапшы
2.	Бахыт Индира	Ағылшын тілі	8	санатсыз	Хуанар Мереке	20	Педагог-модератор

Педагогтерді аттестаттау

2023-2024 оқу жылының 1 жартыжылдығында педагогтерді аттестаттау өткізілмеген. 2024 жылы келесі педагогтар аттестаттаудан өтуді жоспарлап отыр:

Педагог-зерттеуші санатын растау: Молхы А.

Педагог-сарапшы санатын растау: Мухамет Е., Жампеисова А.М.

Педагог-сарапшы санатын беру: Хуанар М., Аманкелд К, Мекей З., Салкынбаева А.А., Дубайхан Б., Зархам Е.

Педагог-модератор санатын беру: Алькей К., Мырзахан К., Ардай Х., Балтабеков С.С., Бейбитхан Е., Депутат Н., Есенгельды М., Жайсанбаева Е., Мадениет Е., Нурмухамедова Ж.Б., Султанова Р.К., Туленова С.С., Кокен М., Бейбитхан А., Мурат Т., Серикбай М.

Педагогтердің біліктілігін арттыру.

2023-2024 оқу жылының 1 жартыжылдығында 11 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Әдістемелік жұмыс.

2023-2024 оқу жылының 1 жартыжылдығында 2 пәндік апта өткізілді: гуманитарлық цикл мұғалімдерінің апталығы, мектепалды тәрбиешілердің апталығы. «Туған тілім- тірегім » атты онкүндік (05.09.2023-16.09.2023)

Қазақстан халқының тілдер күні мерекесіне орай 2023 жылғы 5- 16 қыркүйек аралығында аясындағы іс-шаралар туралы есеп. Апталықтың мақсаты: Тіл заңының орындалуын қадағалау, еліміздің болашағы- жастардың мемлекеттік тілді кеңінен қолдануын насихаттау, тіл – татулықтың, достықтың тетігі, тәрбиенің көзі, халықты біріктірудің маңызды факторы екенін өскелең ұрпаққа ұғындыру. Оқушылардың тілге деген құрметін арттыру. Апталықтың ашылуы мектепшілік жиында өтті. ӘБ жетекшісі апталықтың жоспарымен таныстырып өтті. Сонымен қатар мектеп оқушыларына қазақ, орыс,ағылшын тілдерінде тіл туралы мағлұмат берілді. Биылғы жылы Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі қазақтың алғашқы ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен ұштастырылды. Салтанатты ашылуға 5,6,7, сыныптар қатысты. Олар ақын ата-бабаларымыздың тіл туралы айтқан нақыл сөздері мен өлең жырларын мәнерлеп оқып, ән айтты. 9 сынып оқушысы, айтыскер, облыстық жүлдегер Серигболатұлы Сәтгібек тілдер мерекесіне Арнау шығарды. Тіл – халық тарихы, тіл – ұлттық қазына, тіл – біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз, барымыз. 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасының тіл туралы заңы қабылданды. Ол 6 тарау, 22 баптан тұрады. Оның 4- бабында Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі делінген. 6 қыркүйек күні «Тілімізге деген көзқарас – елімізге деген көзқарас» атты пікірсайыс дебат мүшелерінің қатысуымен өтті. Оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту мақсатында, «Родной языку» атты сайысы өтті.

«Тілім барда айтылар сыр ойдағы» эссе байқауын кітапханашылар ұйымдастырып, жеңімпазы 9 сынып оқушысы Каден Нұрсулу атанды. Бастауыш сыныптар арасында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» мәнерлеп оқу сайысын сынып жетекшілер өткізді. «Мемлекеттік тілдің бүгіні мен ертеңі» атты дөңгелек үстел балалар өкілдіктері клубы мүшелерінің қатысуымен

өткізілді. «Үш тұғырлы тілдің әлемі» ертегі қойылым үш тілде жүргізіліп, балалар белсенді қатысты. Осындай іс-шараларды өткізу барысында оқушыларымызға тілді ұлттық мұра ретінде сезіндіріп, тіл мәдениетін сақтай білуге, тілдің қадірқасиетін бойларына дарыта аламыз. Онкүндіктің жабылуы мектепшілік жиынмен аяқталды. Жиында оқушылар үш тілде өлең жолдарын мәнерлеп оқып, Отбасы клубының «Әке өсиеті» бейнеролигі көрсетілді, ӘБ жетекшісі онкүндіктің қорытындысымен таныстырды. Қорыта келе оқушылар өткен онкүндікке белсене қатысты. Б.Момышұлы атамыз: «Тілін білмеген-түбін білмейді» деген. Шынында, тілін білмеген адам өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлай алмаса, ол қасірет емес пе? Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, білуге тиіс.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Пәндік апталарды өткізуді талдау іс-шараларды ӘБ отырысында мұғалімдер алдын ала жоспарлайтынын және талқылайтынын көрсетті; пәндік апталарды ұйымдастыру мен өткізуге барлық пән мұғалімдері қатысады; пәндік апталардың іс-шаралары әртүрлі нысандарда өткізіледі: ойындар, көрмелер, конкурстар және т.б.; пәндік апталардың нәтижелері мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланды.

2. Пәндік апталардың тиімділігін арттыру үшін :

-Оқу-тәрбие жұмысы бойынша жалпы мектептік іс-шаралар жоспарын ескере отырып, пәндік апталарды жоспарлау;

-Аптаның формалары мен әдістерін әртараптандыру;

- Апталықты ұйымдастыруға және өткізуге білім алушыларды кеңінен тарту;

- Танымдық белсенділікті, оның ішінде АКТ-ны жандандырудың заманауи құралдарын қолдану;

- Мектеп мұғалімдеріне апта аясында өткізілетін іс-шараларға белсенді қатысу.

3. Ағымдағы оқу жылының екінші жартыжылдығында пәндік апталар шеңберінде іске асыруға болатын білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін кеңірек пайдалану.

ӘЖ жоспары бойынша жоғары ынтасы бар білім алушылармен де жұмыс жүргізілді.

Әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен сайыстарға қатысқан оқушылардың нәтижесі:

9-11 сынып оқушылар арасында аудандық пән олимпиадасы:

1)Муратхан Жанерке- география 1 орын (Смаилова Ж.Т.) (облыстық кезеңіне жолдама)

2)Нұрбек Жандос-география 3 орын (Смаилова Ж.Т.)

3)Нагаев Виталий- биология 3 орын (Байтасова Ш.Ш)

4)Далелхан Аллаберген- тарих 3 орын (Маутай Б.)

5)Гиминқызы Жанерке- қазақ тілі 3 орын (Саяси А.)

6)Меке Ақжол- ағылшын тілі 3 орын (Арыстан А.)

«Алтын түлек» олимпиаданың қорытындысы:

10 сынып оқушылары Байтан Әсел -1 орын (Бибакирова Г.К.),

Уажив Нұрай - 2 орын (Бибакирова Г.К.) (облыстық кезеңіне жолдама алды).

11 сынып оқушысы Нұрбек Жандос-грамота (Корпеш Ж.)

"Абай оқулары" байқауынан 5"Б" сынып оқушысы Бақытбекқызы Жанайым - 2орын (Мырзахан К.), 10 сынып оқушысы Гімің Жанерке - грамотамен марапатталды (Саяси А.).

Құсайын Ақеділ география пәні бойынша олимпиада - 1орын (Смаилова Ж.Т.). Облыстық кезеңіне жолдама алды.

«Жыр алыбы-Жамбыл» атты Республикалық жас ақындар айтысында 9 сынып оқушысы Серікболатұлы Сәттібек -2 орын (Дубайхан Б.).

Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде 9 сынып оқушылары арасында 3 орын Елтай К. (Дубайхан Б.), 10 сынып Гімің Жанерке 3 орынға ие болды (Саяси А.).

3-4 сынып оқушыларының арасында «Алтын сақа» олимпиаданың аудандық кезеңінде: Сауренбек Жанарыс-2 орын (Макашева А.А.); Исакова Сабина (Жунусова Н.С.), Бақытбекқызы Жібек (Лажай А.)-грамоталармен марапатталды.

5-6 сынып оқушыларының арасында: Имансеитов Альназар (Мадениет Е.), Бақытбек Аяла-1 орын (Молхы А.), Серигқызы Перизат-3 орын (Мадениет Е.), Толеутай Інкар-грамота (Молхы А.).

«Менің бизнес-идеяларым» тақырыбында бизнес-конференцияның жүлдегерлері:

-Ерболұлы Айсұлтан, Мурат Балжан, Бейбитхан Жансая (Ардай Х.), Мадениет Назым (Тиянах Х.), Лайрих Мария (Жунусова Ж.С.) -1 орын, Халиханова Адия, Шахманова Алтынай-2 орын (Кызырова С.К.)

«Айқанат» олимпиадасының аудандық турының қорытындысы бойынша келесі 8 сынып оқушылары облыстық кезеңіне өтті: Исакова Зарина, Айдос Алмас, Даулет Айдын, Құсайын Акеділ, Тырнахан Айым.

Аудандық пікір сайыс турнирінде мектептің «Алаш» командасы- Жардембек Сара мен Мұрат Балжан 2 орынға ие болды (Жампеисова А.М.).

Ауыл мектеп оқушыларына арналған облыстық кезеңінде :

- Егинбаева Риза-2 орын орыс тілі (Абдрахманова Г.Р.);
- Максат Аружан -2 орын физика (Мекей З.);
- Мақметолла Нұрманат-2 орын математика (Мадениет Е.)

«Жұлдызай» аудандық балалар шығармашылық фестивалі- Болатбек Ержанат 2 орын (Исатаев Б.Т.), Ринат Қадылбек – 3 орын (Жайсанбаева Е.Ә.)

Педагогтердің конкурстарға қатысуы/Участие педагогов в конкурсах

Математика пәні мұғалімі Молхы Ақмарал ҮЗДІК ПЕДАГОГ онлайн республикалық байқауына қатысып, ҮЗДІК ПЕДАГОГ төсбелгісімен марапатталды.

Бастауыш сынып мұғалімі Тогтарбай Оноргул аудандық «Үздік бастауыш мұғалімі» байқауында 3 орынға иеленді.

Бастауыш сынып мұғалімі Гылымхан Есения аудандық «Алтын тұғыр» байқауы - сертификат.

АӘТД мұғалімі Каримжан Х. аудандық АӘТД жетекшілері арасында байқау-3 орын

Қорытындылар мен ұсыныстар:

Мектеп мұғалімдері мектептің, ауданның әдістемелік жұмысына және жалпы оқу-тәрбие процесіне белсенді қатысты.

Қорытынды мен ұсыныстар:

- оқу жылы бойы оқуға ынталы балаларға көбірек көңіл бөлу, оқушыларды зияткерлік конкурстар мен пәндік олимпиадаларға жүйелі түрде даярлауды жүргізу;
- балалардың пәндік олимпиадаларға дайындық сапасын жақсарту;
- мектеп мұғалімдерінің сабаққа өзара қатысуы бойынша белсенді жұмыс жүргізу;
- мектеп мұғалімдері аттестаттау рәсіміне сапалы дайындалу;
- әр үш жыл сайын біліктілікті арттыру курстарынан уақтылы өту;
- дидактикалық материалды жинақтауды, жаңартуды, жүйелеуді жалғастыру;
- сабаққа сапалы дайындалу, сабақтың формалары мен әдістерін әртараптандыру

Екінші сұрақ бойынша физика пәні мұғалімі Мекей З. тындалды. Физика пәні бойынша ҰБТ-ға дайындық жұмыстары аптасына 1 рет әр сыныпқа жеке қосымша сабақ ретінде жүргізіліп отырады. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп отырады. Атқарылған жұмыстар туралы жалпы мәлімет

1. ҰБТ-ға дайындық үшін физика пәнінен қосымша сабақтар әр аптаның дүйсенбі күні жүргізіліп отырады
 2. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізіледі
 3. Физика пәнін тарау бойынша қайталау
 4. Қосымша талдау жұмыстары сатылай кешенді түрде жүргізіледі
 5. Тарау бойынша тест жұмыстары алынып отырады
 6. Тест жұмысына міндетті түрде қатемен жұмыс жүргізіледі
 7. Физика пәнінен тест тапсырмаларын талдау жұмысы жүргізіліп отырады
- Оқушылар туралы жалпы мәлімет

II тоқсанда қазақ тілі пәні бойынша 11 «А» сыныбынан барлығы 6 оқушы ҰБТ-ға дайындалды. Сыныпқа жеке тоқталар болсам, 11 «А» сыныбында «Алтын белгіге» үміткер бір оқушы (Ерболұлы Нұралі) физика пәнін таңдаған және үлгерімі төмен оқушылар жоқ. Тақырыптық тест жұмысы бойынша жүргізілді. Формулаларды және ережелер, математика пәнінен базалық білім болмаса тест өз нәтижесін бермейді. Сол себепті оқу жылының басынан әр тарауды жеке жеке басынан бастап т бөліп оқыту әдісін қолданамыз. Физика пәні бойынша негізгі ұғымдарды 7-9,10 сыныптарда өтеді. Сондықтан жұмыс тарау бойынша формулалар ережелерді қайталап деңгейлік есептер шығарудан басталады. Сатылай кешенді талдау жұмыстарын жүргізу өте тиімді. Оқушы талдау жасау арқылы тақырыптық тарауды толық меңгереді, есінде нақты сақтайды, уақытты ұтымды пайдаланады. Әр тарауды қайталап толық меңгергеннен кейін тест жұмысын алып отырамын. Тест жұмысында жіберілген қателері бойынша қатемен жұмыс жасалып, жауаптары талданады. Тіпті кей кездері тест жұмыстарын жасап болғаннан кейін өздеріне тексеруге беремін. Қазіргі кезге дейін екі рет оқушылар тест тапсырды, оның нәтижелері төмендегідей

Таңдау пәні	Нәтиже 50 ұпай	
Бакытжан Бекарыс	15	11
Дақыман Назарбек	10	12
Ербол Нұралі	19	25
Казбеков Мұхамедияр	15	18
Нұртуған Ерасыл	16	30
Силам Иманғали	12	10

Қаулы етті:

1. Мектептің 2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы әдістемелік жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Жоспарға сәйкес жұмысты жалғастыру.
2. ҰБТ-ға дайындықты күшейту. Сынып жетекшілерге консультацияларға қатысуды бақылауға алу.

ӘК төрағасы:
Хатшы:



Байтасова Ш.Ш.
Аманкелд К.

№ 4 хаттама
«Еркіншілік ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ
№ 4 әдістемелік кеңес отырысы

28.03.2024

Қатысқандар: 60

1. Исатаева Б.Г.	21. Депутат Н.	41. Мекей З.
2. Байтасова Ш.Ш.	22. Гылымхан Е.	42. Молхы А.
3. Салкынбаева А.А.	23. Доненбаева С.А.	43. Мурат Т.
4. Мырзахан К.	24. Шаймурат П.	44. Хуанар М.
5. Аманкельд К.	25. Есенкелди М.	45. Мухамед О.
6. Абдрахманова Г.Р.	26. Жампеисова А.М.	46. Умарова Г.Е.
7. Алькей Каухар	27. Жунусова Ж.С.	47. Нурмухамедова Ж.Б.
8. Аманбек Г.	28. Жунусова Н.С.	48. Отан А.
9. Аманжол С.	29. Зархам Е.	49. Рамазан Ж.
10. Амет Бейбитхан	30. Зархам Т.	50. Рахым А.
11. Анес Хуандаг	31. Исабекова А.У.	51. Санах Ю.
12. Ардай Хуантхан	32. Исатаев Б.Т.	52. Саяси А.
13. Хуаныш Г.	33. Каримжан Х.	53. Серикпай М.
14. Балтабеков С.К.	34. Каирова О.П.	54. Слипец Т.И.
15. Жайсанбаева Е.	35. Корпеш Ж.	55. Смаилова Ж.Т.
16. Бейбітхан А.	36. Кызырова С.К.	56. Султанова Р.К.
17. Бейбітхан Еркін	37. Лажай Айнур	57. Тиянах Х.
18. Бибакирова Г.К.	38. Мадениет Е.	58. Тогтарбай О.
19. Бугай Гулзада	39. Макашева А.А.	59. Туленова З.К.
20. Гайнутдинова И.М.	40. Маутай Б.	60. Туленова С.С.

Күн тәртібі:

1. Гуманитарлық цикл мұғалімдерінің, сынып жетекшілер ӘБ апталықтарының талдауы (Жампеисова А.М., Мырзахан Қ.)
2. Мемлекеттік қорытынды, аралық аттестаттау бойынша нормативтік құжаттарды зерттеу (Байтасова Ш.Ш.)
3. Қазіргі сабақтың тәрбиелік аспектілері (Бейбитхан А.)

Бірінші сұрақ бойынша Гуманитарлық цикл мұғалімдерінің, ӘБ жетекшісі Жампеисова А.М. тыңдалды. Онкүндіктің ашылуына тіл мұғалімдері ат салысты. Ашылу салтанатын өткізу үшін мектептің екінші қабатында Тіл туралы әзірлемелер ілініп, мектепшілік жиын ұйымдастырылды. Онда құрылған жоспармен оқушыларды таныстырды, ашық сабақтарда белсенді болуға шақырды. Арнайы құрылған жоспар бойынша пән мұғалімдері өздерінің ашық сабақтары мен іс-шараларын өткізді. Орыс тілі пәнінен 5б сыныбында «Первый казахский кинорежиссер» тақырыбында ашық сабақ өтті. Пән мұғалімі Абдрахманова Г.Р. Сабақта оқушылар қызығушылық танытып, белсенді болды. Орыс тілінен «Что заменяет именныe частиречи» 7Ә сыныбында өткізілді. Оқушылар топтық жұмыстың ережелерімен, бағалау паракшаларымен өте жақсы жұмыс жасады. Пән мұғалімі Кызырова С.К. Қазақ тілінен «Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы» атты ашық сабағы 8А сыныбында өтті. Мұғалім балалармен ізденіс сабағын қызықты өткізді. Оқушылар ақынның өмір жолымен танысып, өлеңдерін жатқа айтты, сұрақтарға толық жауап беру керектігін көрсетті. Ағылшын тілінен «I am a leader» ашық тәрбие сабағы 8А сыныбында өткізілді. Пән мұғалімі Туленова С.С. Оқушылар ағылшын тілінен алған білімдерін жақсы деңгейде көрсете алды. Интеллектуалды ойын өте жақсы ұйымдастырылған, барлық жабдықтар дайындалып, кезеңдері жүзеге асырылды. 1,2,3 орын иегерлері әділ қазылардың шешімімен анықталып, сыйлықтармен, мадақтама қағаздарымен марапатталды. Қазақ тілінен 3В сыныбында «Тұңғыш ғалым» атты ашық сабағы өткізілді. Тілдің қолданыстағы бағыттары орындалды, сабақта жаңа бағдарламаға сай деңгейлік тапсырмалар орындау, сөзден сөз тіркесін құру, сөз тіркесінен сөйлем құру арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту және танымдық қабілеттерін арттыру жүзеге асты. Пән мұғалімі Жампеисова А.М.

Сөз алды сынып жетекшілер ӘБ жетекшісі Мырзахан К. Мектебімізде барлығы 31 мұғалім сынып жетекшілік қызметін атқарады. 2023-2024 оқу жылында 3 отырыс өткізілді. Ата-аналармен байланыста болу мақсатында әр-түрлі жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп отырылады. Байланыс

дәптерлері, сауалнамалар жүргізіледі. Оқушылар мен ата-аналарды зерттеу мақсатында мектеп психологымен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Мектепшілік іс-шараларға, сайыстарға, қашықтық сайыстарға, жарыстарға үнемі қатысып отырады. Мұғалімдер жоспар бойынша мектепшілік іс-шаралар өткізеді. «Мұғалімдер күні», «Күзгі бал», «Денсаулық фестивалі», «Жаңа жылдық бал маскарад» «Қарттар күні», «8- наурыз мейрамы» мерекесіне арналған, «Ұлыстың ұлы күні наурыз» мерекелері тиісті деңгейде өтеді. Наурыз айының 5 – 19 аралығында сынып жетекшілердің апталығы өткізілді. Онда жұмыс жоспары бекітіліп, іс шаралар өз ретімен өткізіліп отырылды. Сынып жетекшілер ашық тәрбие сағаттарын өткізіп, мектеп әкімшілігі сабақтарына қатысты.

Екінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш. тыңдалды.

Қорытынды аттестаттауды өткізудің мерзімдері:

9 -сынып оқушылары үшін:

- 1) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2024 жылғы 29 мамыр;
- 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;
- 3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 -сынып оқушылары үшін:

- 1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;
- 4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

Қазақ тілі бойынша емтихан №125 бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10- сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда 27.05.24-31.05.24 аралығында өткізілсін. Мүгедектігі бар үйде оқитын 6 "Ә" сынып оқушысы Тауей Ақжол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығына сәйкес аралық аттестаттаудан босатылады.

Көктемгі су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің білім алушылары үшін, сондай-ақ қыс мезгілінде қатты аязға байланысты сабақтар тоқтатылған өңірлердің білім алушылары үшін 1-8, 10-сынып оқушыларын жазғы мектепте ата-аналарының немесе

занды өкілдерінің өтініші бойынша 2024 жылғы 27 мамыр мен 31 мамыр аралығында және ағымдағы жылғы 26-30 тамыз аралығында оқытуды жалғастыру.

Үшінші сұрақ бойынша тарих пәні мұғалімі Бейбитхан А. тындалды. Қазіргі сабақ оқушының жеке тұлғасына бағытталған болуы керек, өзі оқитын, білімін іс жүзінде қолдана алатын, рефлексия дағдылары бар, өзін-өзі таныстыра алатын, жеке және ауызша қарым-қатынас жасай алатын, сабақта өзін жайлы сезінетін оқушының жеке дамуына жағдай жасау керек. Қазіргі сабақты өткізу үшін мұғалім үйрету мен оқытудың психологиялық тұжырымдамаларын, оқу іс-әрекетін басқару теорияларын білуі керек, оқытуда әр түрлі педагогикалық технологияларды қолдану кезінде мүмкін болатын белсенді тәсілді жүзеге асыруы керек. Оқыту технологияларын қолдану білім мен дағдыларының өсуіне, танымдық процестерді дамытуға, болашақта олардың қоғамда және еңбек нарығында бейімделуі мен әлеуметтенуіне ықпал ететін оқушының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға, өсуге мүмкіндік береді

1. Ақпаратты назарға алыңыз.
2. Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша консультациялар кестесін жасау.
3. 9, 11-сыныптардың пән мұғалімдері түлектерді қорытынды аттестаттауға дайындауды жалғастырсын.
4. Мектептің педагогикалық ұжымы өз жұмысында сабақтың тәрбиелік аспектілерін ескеру.
5. Әдістемелік апталарды өткізу кезінде барлық сынып оқушыларын қамту, онкүндікті өткізу нысандарын әртараптандыру.

ӘК төрағасы:
Хатшы:



Байтасова Ш.Ш.
Аманкелд К.